

Төлеби ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 536 "Төлеби аудандық бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 380 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 1 шілдеде № 6548 -13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Төлеби ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төлеби ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 536 "Төлеби аудандық бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4405 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төлеби ауданының әкімі

Т. Телгараев